

Жаңақала ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 5 желтоқсандағы № 336 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 23 желтоқсанда № 4635 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа ала отырып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жаңақала ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 15 сәуірдегі № 102 "Жаңақала аудандық кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3508 тіркелген, 2014 жылғы 21 маусымдағы "Жаңарған өңір" газетінде жарияланған) және 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 12 "Жаңақала аудандық ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3807 тіркелген, 2015 жылғы 14 ақпандағы "Жаңарған өңір" газетінде жарияланған) қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Жаңақала ауданы әкімі аппаратының басшысы (А.Карменов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жаңақала ауданы әкімінің орынбасары А.Шүкірғалиеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Л.Хайретдинов